

**Сыртқы ұйымдармен және іскерлік серіктестермен  
өзара қарым-қатынастар бойынша  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ**

1. Өзара қарым-қатынасы, шарттық міндеттемелері бар немесе «Азаматтық авиация академиясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Академия) жеткізушісі немесе іскерлік серіктесі болып табылатын тарап:
  - 1) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде қолданылатын барлық заңнамалық талаптарын;
  - 2) Академияның ISO 37001 халықаралық стандартының талаптарына негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің ішкі нормативтік құжаттарын;
  - 3) Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын толыққанды сақтауға келіседі.
2. Өз міндеттерін орындау кезінде тарап және оның лауазымды адамдары, басшылары, қызметкерлері және өкілетті өкілдері төмендегідей жайттардың:
  - 1) параларға және осы терминге жататын іс-әрекеттерге ықтимал әкеп соғуы мүмкін процестерді, атап айтқанда: заңсыз артықшылықты кез келген нысанда (*қаржылық та, қаржылық емес те*) тікелей немесе орналасқан жеріне қарамастан делдалдар арқылы, өзі жауапты болатын қызмет шеңберінде іс-әрекет жасайтын немесе іс-әрекеттерден қалыс қалатын адам үшін немесе көрсетілген қызметтің кез келген комбинациясы үшін ынталандыру немесе сыйақы ретінде қолданыстағы заңнаманы бұза отырып, ұсынуларды, уәделерді жүзеге асыруға;
  - 2) Академияның мүдделер қақтығысын шешу ережелерін бұзуға, атап айтқанда, мүдделер қақтығысы олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына немесе сыбайлас жемқорлық жағдайына әкелуі мүмкін Академияның қызметкерлері болып табылатын адамдардың өз мүдделері мен жеке мүдделері арасында қайшылық жасауға болмайтындығымен келіседі.
3. Тарап және оның лауазымды тұлғалары, басшылары, қызметкерлері және өкілетті өкілдері Академияға сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзу фактілері, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері немесе инциденттер және сол сияқты жағдайлар туралы, Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің іс-қимылы саласындағы өзінің шарттық міндеттемелерін орындау кезінде хабарлауға міндеттенеді.